

**ЕЛОРДА ЭКОЛОГИЯСЫ ЖАҚСАРАДЫ**

5-БЕТ | ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН




**ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖҰРТҚА ҚЫЗМЕТ**

7-БЕТ | ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



**ТЫҢҒА ТҮРЕН САЛҒАН**

8-БЕТ | ТҰЛҒА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР – ЕЛ ӨМІРІНДЕГІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ САЛА. ӨНЕР – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, АЛ МӘДЕНИЕТ – РУХАНИ КЕЛБЕТІ. БҰЛ ҚОС ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ӨРКЕНИЕТІМІЗДІҢ ӨЗЕГІ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. ОНЫ САҚТАП, БАЙЫТА ТҮСУ – ОРТАҚ ПАРЫЗ. ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ «МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ – ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ, АДАМЗАТ ТАРИХЫ» ДЕГЕН. ҚАЗАҚТЫҢ БІТІМ-БОЛМЫСЫН ОНЫҢ ТӨЛ ӨНЕРІНЕН КӨРУГЕ БОЛАДЫ.

№61 (4649)
Бейсенбі
23 мамыр
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



30 мамырда Қазақстанның барлық ірі қаласында «Халық заңгері» кең ауқымды республикалық акциясы өтеді.

Құқық саласының жетекші сарапшылары тұрғындарды қызықтыратын мәселелер бойынша тегін кеңес береді. Акция аясында еліміздің қалалары мен елді мекендеріндегі кез келген адам тегін заңгерлік кеңес алып, мемлекеттік органдардың өкілдерімен тікелей байланыса алады.

«Халық заңгері» республикалық акциясы Қазақстанның барлық ірі қалалары мен елді мекендерінде бір уақытта басталады. Сілтемеге (Halyq zangeri) өту арқылы сіз өзіңіздің қалаңыздағы немесе елді мекеніңіздегі мамандар барлық мәселе бойынша кеңес беретін мекенжайды таба аласыз.



Scat әуекомпаниясы Астанадан Прагаға рейстерді қайта бастады. Бұл туралы елордалық әуежайдың баспасөз қызметі хабарлады.

Рейстер аптасына 2 рет: сәрсенбі және сенбі күндері Boeing-737 ұшағында орындалады. Кеше алғашқы жолаушылар Прагаға ұшып кетті. Астанадан ұшу сағат 08:20-да орындалса, Прагаға қону уақыты: сағат 11:25-те (жергілікті уақыт). Прагадан ұшу – 12:15, Астанаға қону – 20:10.



4

# ОТАНСҮЙГІШТЕР ОРДАСЫ

Елорда іргесіндегі №68665 әскери бөлімі аумағында өңірлік әскери-патриоттық дала жиынының ашылу салтанаты өтті. Астаналық жасөспірімдер үш күн бойы әскери-қолданбалы спорт түрлерінен сайысқа түседі. «Жас сарбаз – патриоттар ордасы» жобасы аясында бастау алған іс-шара тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналды.



## ӘЙГІЛІ ӘНШІ ЕСІМІ БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет және өнер қызметкерлерін құттықтау барысында Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетіне Күләш Байсейітованың есімін беру туралы шешім қабылдағанын айтты.

«Бұл – әйгілі әншіге көрсетілген зор құрмет әрі ерекше өнерімен тарихта қалған тұлғаларға ел ықыласының айрықша белгісі. Түптеп келгенде, мұны тарихи әділдікті қалпына келтіру деп түсінген жөн. Аға буынның өнердегі жолын қазіргі жастарымыз да лайықты жалғастырып келеді. Осы сабақтастықты сақтау өте маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Күләш Байсейітова – қазақтың әйгілі әншісі, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, КСРО халық әртісі (1936), КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1948-1949 жж.).



## БАЛАБАҚША КӨБЕЙЕДІ

Бас қалада мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығын шешу үшін 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарлануда. Бұл жөнінде Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

Бірінші кезең бойынша ағымдағы жылы 3 мың орынға – 10, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі есебінен 5 балабақша салуды бастау жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда 5 балабақша үшін жер учаскесі анықталды. Олар А108 және А130 көшелерінің қиылысы, Ақан сері және СФЛ-2, Ш.Қалдаяқов және С.Нұрмағамбетов көшелерінің қиылысы, Мәңгілік ел даңғылы мен Е497 көшелерінің қиылысы, Ұлы дала және әл-Фараби даңғылдарының қиылысында салынады.





## ЕЛОРДАДА 5 ШОМЫЛУ ЖАҒАЖАЙЫ БОЛАДЫ

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті елордада жазғы шомылу маусымы 1 маусымнан басталатынын жария етті.

Қала тұрғындары мен қонақтарының демалуы үшін шомылуға рұқсат етілген жағажай аймақтарының 5 учаскесі белгіленген. Олардың 4-еуі – жеке ақылы жағажай («Орталық қалалық жағажай», «Три пескаря», «Столичный двор», «Армина» демалыс аймағы), 1-еуі – тегін коммуналдық жағажай. Су айдындарының рұқсат етілген және тыйым салынған учаскелерінің тізбесі «2GIS» платформасында орналастырылған.

№61 (4649) 23/05/2024 Бейсенбі



# «ШАНХАЙ РУХЫ» КҮШЕЙЕДІ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерімен кездесу өткізді. Жиынды ашқан Президент Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы Қазақстанның, сондай-ақ өз атынан барша Иран халқы мен оның басшылығына осы елдің Президенті мен Сыртқы істер министрінің қайғылы қазаға ұшырауына байланысты көңіл айтты.

### ҮЛЕС ҚОСАРЫНА СЕНІМ БІЛДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев шет мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу жөніндегі ШЫҰ-ның маңызды форматтарының бірі екеніне тоқталды.

«Еліндегі ауыр жағдайға қарамастан Иранның, сондай-ақ алдағы уақытта қатарымызға қосылатын Беларусьтің өкілдері Астанадағы Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне алғаш рет қатысып отырғанын ерекше атап өткім келеді. Сіздердің елдеріңіз «шанхай рухын» одан әрі күшейтуге және ШЫҰ аясындағы көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай үлес қосатынына сенімдімін. Қазірдің өзінде біздің ұйымға Еуразия құрлығындағы он мемлекет мүше. Бұл елдерде жер шары халқының жартысына жуығы тұрады, сондай-ақ әлемдік жалпы ішкі өнімнің төрттен бірі және жаһандық сауда-саттықтың 15 пайызы осы мемлекеттерге тиесілі. Қазақстан ШЫҰ-ның төрағасы ретінде ұйымның әлеуетін одан әрі арттыру үшін бар күш-жігерін жұмсайды» деді Мемлекет басшысы.

### САММИТКЕ ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның бастамаларын қолдағаны және бірлескен табысты жұмысы үшін ұйымға мүше мемлекеттерге алғыс айтты. Президенттің айтуынша, ШЫҰ-ның цифрлық, туристік және энергетикалық салалар бойынша ұйымдастырылған форумдарын қоса алғанда,100-ден астам іс-шара өткен.

«Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің «Киелі орындары» жобасы аясында жүргізілген жұмыстар аяқталып келеді. Біздің бастамамызбен 2024 жыл ШЫҰ-да Экология жылы болып жарияланды. Қазақстан Үкіметі энергетика, көлік және мәдениет салаларында қосымша бірқатар айтулы шараға дайындық жұмыстарын жалғастыруда. Әрине, ШЫҰ-ның алдағы Астана саммитіне баса назар аударамыз. Елдеріміз үшін маңызды осы форумға толыққанды дайындық жүргізу мақсатында Сыртқы істер министрлері кеңесіне зор жауапкершілік жүктеледі. Маңызды құжаттар тізімін және шешімдер әзірлеу жөніндегі жұмыстарыңызды жоғары бағалаймын. Осындай 20-дан астам құжат мемлекеттер басшылары кеңесінің қарауына ұсынылды. Олардың тиімді іске асырылуы ШЫҰ аясындағы жан-жақты серіктестіктің нығаюына елеулі үлес қосарына сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕМ БАСТАМАСЫН ҰСЫНДЫ

Қазақстан Президенті жаһандық стратегиялық тұрақсыздық жағдайында кешенді тәсілдерді қолданудың, барлық тараптың мүддесін ескерудің және үнемі мәмілеге келу жолдарын іздеудің маңызы артып келе жатқанына екпін түсірді. Мемлекет басшысы бүкіл адамзат үшін бейбіт және үйлесімді даму мұраттары мен құндылықтарын ұжым болып ілгерілететін уақыт келді деп санайды.

«Қазақстан ШЫҰ-ның «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасын әзірлеуді ұсынды. Осы құжаттың, сондай-ақ алдағы саммит барысында ШЫҰ-ның Астана декларациясының қабылдануы, біздің көзқарасымыз бойынша, әлемнің түрлі өңірлеріндегі қақтығыстарды реттеу үшін халықаралық күш-жігерді біріктіруге ықпал етеді. ШЫҰ-ны одан әрі реформалау ісіне ерекше мән беру қажет. Осы ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған нақты шешімдерді дайындауға мүше мемлекеттердің белсенді қатысуы маңызды. Қазақстан өз тарапынан ШЫҰ-ны ынтымақтастықтың тиімді және көпжақты тетігіне айналдыру жөнінде теңгерімді ұсыныс жасады. Алдағы уақытта да осы бастамалар қолдау табады деп үміттенеміз» деді Президент.

### «ҮШ ЗҰЛЫМ КҮШКЕ» ҚАРСЫ КҮРЕС

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ШЫҰ-ның ортақ сын-қатер мен қауіптерді еңсеру ісіндегі әлеуетін арттыру жұмыстары дер кезінде қолға алынып отырғанын атап өтті. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев «үш зұлым күшке» қарсы күрес ұйым ынтымақтастығының тұрақты назарында болуға тиіс деп санайды.

«Қазақстан осы бағыттағы ықпалдастықты ұдайы нығайтуға ниетті. Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі сіздермен келісілген ынтымақтастық бағдарламасы бұл бағытта жасалған нақты қадам саналады. Өз кезегінде ШЫҰ-ның есірткіге қарсы стратегиясы бойынша жұмыстың аяқталуы, терроризмді қаржыландыру арналарын бұғаттауды қоса алғанда, есірткі қаупіне қарсы күресу үшін өзара қабылданып жатқан шараларды күшейте түседі. Осы жетістіктердің барлығы – ұйым кеңістігінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі келісілген және нақты шаралардың айқын дәлелі. Бұл халықаралық қатынастардың жаһандық архитектурасындағы ұстанымды нығайту, ШЫҰ-ның әлемдегі беделі мен рөлін арттыру тұрғысынан да маңызды» деді Мемлекет басшысы.

### КИБЕРҚАУІПСІЗДІК НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Бұдан бөлек, Президент киберқауіпсіздік мәселелерін көтерді. Оның пікірінше, бұл жұмыста киберқауіптерді ерте анықтауға және ШЫҰ елдерінің ақпараттық инфрақұрылымының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеуге баса мән берілуі керек.

«Ауғанстандағы жағдай жіті назар аударуды қажет етеді. Бұл елде гуманитарлық дағдарыстың алдын алу және ұзақмерзімді тұрақтылыққа жағдай жасау үшін күш біріктіру жұмыстарын жалғастырған жөн. Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның өңірлік орталығын құру туралы Қазақстанның бастамасын қолдау – өте өзекті. Біз климаттың өзгеруі мәселесіне айрықша назар аударуымыз қажет. Алдын алу шараларын шұғыл қабылдамасақ, бұл мәселе планетамыздағы жаһандық табиғат апаттарын асқындырып жіберуі мүмкін. Ауа райының аса құбылмалы болуы әлемдегі басты проблемалардың біріне айналып келеді. Осыған байланысты ШЫҰ табиғат апаттарымен күресу ісіндегі тәсілдерін жаңартуы қажет. Биыл көктемде біздің еліміз климат өзгерістерінің кері әсерін анық сезінді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстандағы алапат су тасқыны кезінде тілеулестік танытып, көмек көрсеткені үшін сіздердің елдеріңізге шынайы алғысымды білдіргім келеді. Біз бұл қолдауды жоғары бағалаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### АСТАНА САММИТІНЕН ҮМІТ ЗОР

Мемлекет басшысы ШЫҰ-ның алдағы Астана саммиті «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» деген атаумен өтетінін жеткізді.

«Шанхай ұйымының негізгі мақсаттарының бірі – аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету. Мұны аталған күн тәртібі анық көрсетеді. Осы орайда Сыртқы істер министрлері кеңесіне үлкен үміт артылады. Сіздердің жұмыстарыңыздың нәтижесі ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің Астанадағы отырысын табысты өткізуге ықпал ететініне сенімдімін» деді Қазақстан Президенті.

Президент ШЫҰ-ның Астана саммиті қарсаңында белсенді жұмыс атқарғаны үшін сыртқы саясат ведомстволарының басшыларына алғыс айтты.

«Бұл саммит әлемдік архитектоникада өте маңызды орын алатын ортақ ұйымымыздың тарихына жаңа парақ болып енеді деп үміттенеміз. Шын мәнінде, Шанхай ынтымақтастық ұйымына бүкіл әлем көз тігіп отыр. Біздің қызметімізге басқа державалар қызығушылық танытады. Ұйымға қатысты көптеген сұрақ қойылады. Мен 1996 жылы сәуірде Шанхай ынтымақтастық ұйымын құруға қатыстым. Ол кезде бұл ұйым «Шанхай бестігі» деп аталды. Сол уақыттан бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымының рухы қалыптасты. Біз Азиядағы, Еуразия құрлығындағы, жалпы әлемдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтау жолындағы ықпалдастығымыздың негізгі қағидаттарын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Бұл – өте дұрыс қадам» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуге Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров, Қытай Сыртқы істер министрі Ван И, Пәкістан Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхаммед Исхак Дар, Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу, Қырғызстан Сыртқы істер министрі Жээнбек Кулубаев, Тәжікстан Сыртқы істер министрі Сироджиддин Мухриддин, Өзбекстан Сыртқы істер министрі Бахтиёр Саидов, Беларусь Сыртқы істер министрі Сергей Алейник, Үндістанның Сыртқы істер вице-министрі Рави Дамму, Иран Сыртқы істер министрінің орынбасары Мехди Сафари, ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин, ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы Атқарушы комитетінің директоры Руслан Мирзаев қатысты.

# ВЬЕТНАМ ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев То Ламға Вьетнам Социалистік Республикасының Президенті болып сайлануына орай құттықтау жеделхатын жолдады. Мемлекет басшысы Вьетнам Президентінің алдағы барлық бастамасына табыс, ал достас вьетнам халқына бақ-береке тіледі.

«Сіз осы лауазымда қызмет еткен кезеңде ғажап еліңіз одан әрі гүлденіп, үйлесімді және орнықты қоғам құру жолында тұрақты дами беретініне сенімдімін. Қазақстан мен Вьетнамды өзара сенім мен ортақ мүддеге негізделген тығыз қарым-қатынастар байланыстырады. Елдеріміздің мүддесі жолындағы көпқырлы ықпалдастықты өркендету үшін жаңа мүмкіндіктерді Сізбен бірлесіп пайдалануға дайынмын» деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы Иран Ислам Республикасының елшілігіне барып, Президент Ибрахим Раиси мен Үкімет делегациясы мүшелерінің тікұшақ апаты салдарынан қаза табуына байланысты иран халқына көңіл айтты және қолдау білдірді.

# ИРАНДЫҚТАРҒА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

«Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисидің және Үкімет делегациясы мүшелерінің мезгілсіз қазасы туралы қаралы хабар қабырғамызды қайыстырды. Өз ұлтының ұлы перзенті Ибрахим Раиси – Отанына адал қызмет еткен тұғырлы тұлға. Біз оны парасатты басшы, беделді саясаткер, екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға зор еңбек сіңірген қайраткер ретінде әрдайым есте сақтаймыз. Қазақ халқының және өзімнің атымнан ирандық бауырларымызға қайғырып көңіл айтамын. Марқұмдардың иманы саламат, рухы пейіште болсын!» деп жазды Мемлекет басшысы.

# ЕҢ ҚҰНДЫ МАРАПАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ЫҚЫЛАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсіміне қатысты. Президент, ең алдымен, салтанатты рәсімге жиналғандарды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтады.



### МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҒЫ

«Мәдениет пен өнер – ел өміріндегі өте маңызды сала. Өнер – ұлттың жаны, ал мәдениет – рухани келбеті. Бұл қос құндылықты өркениетіміздің өзегі деуге болады. Оны сақтап, байыта түсу – ортақ парыз. Әбіш Кекілбайұлы «Мәдениет тарихы – түптеп келгенде, адамзат тарихы» деген. Қазақтың бітім-болмысын оның төл өнерінен көруге болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мәдениет пен өнерді дамыту мемлекетіміз үшін негізгі басымдықтың бірі саналатынын жеткізді. Сонымен қатар ұлт руханиятын жаңғырту ісіне қатысты нақты шаралар қолға алынып жатқанын атап өтті.

«Былтыр Мәдени саясаттың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдадық. Бүгінде мемлекет осы маңызды саланың инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән береді. Тек соңғы үш жылда ел аумағында 700-ден астам ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 168 жаңа нысан салынды. Мәдениет және өнер мекемелерін жабдықтау деңгейі біртіндеп жақсарып келеді. Соңғы отыз жылда алғаш рет бейінді оқу орындары мен мемлекеттік концерт ұйымдарына музыкалық аспаптар сатып алуға бюджеттен қаржы бөлінді» деді Президент.

### ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ғимараты жақында толықтай қайта жаңғыртылатынын айтты. Бұл жұмыс аталған өнер орталығының 100 жылдық мерейтойына орай, яғни 2026 жылы аяқталады.

«Былтыр менің Жарлығыммен еліміздегі іргелі мәдениет ордаларына «ұлттық» және «академиялық» мәртебе берілді. Бұл шешім өнер ұжымдарының шығармашылық өрісін кеңейтіп, олардың кәсіби тұрғыда шыңдала түсуіне жол ашатыны сөзсіз. Осы бағыттағы жұмыс биыл да жалғасады» деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ең басты үш музейге ұлттық мәртебе берілетінін жеткізді.

«Қазіргі заман талабына сай музей қоғам санасын жаңғыртуға зор ықпал ететін озық институтқа айналуы керек. Сол арқылы жас ұрпақ төл тарихымыз бен салт-дәстүрімізді терең танып, одан тағылым алуы қажет. Жалпы, елімізде тарихи-мәдени мұраны сақтау және молайту мақсатында ауқымды әрі үздіксіз жұмыс жүргізіліп келеді. Ұзақ жылдан бері алғаш рет жақында материалдық емес мәдени мұраның ұлттық тізбесі айтарлықтай кеңейді. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне біздің «салбурын» және «беташар» сияқты ұлттық дәстүрлерімізді енгізу мәселесі пысықталып жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мәдениет пен өнер адамдары тарихи үрдістің алдыңғы шебінде жүріп, сол арқылы ұлтымыздың қарқынды дамуына ықпал ететінін атап өтті.

«Сіздер өз шығармашылықтарыңыз арқылы халқымыздың бірегей болмысының жаңа қырын ашасыздар. Азаматтардың жасампаз қуатын оятасыздар. Сондықтан мемлекет шығармашылық өкілдерінің беделін арттыру үшін тиісті шараларды қабылдайды. Мәдениет және архив ісі қызметкерлерінің жалақысы айтарлықтай көбейді. Менің тапсырмаммен «Халық әртісі» және «Халық жазушысы» атағы қайта беріле бастады» деді Президент.

### ТАРИХИ ӘДІЛДІК ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыз дарынды ұл-қыздарын қашанда қадірлей білгеніне назар аударып, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетіне Күләш Байсейітованың есімін беру туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

«Бұл – әйгілі әншіге көрсетілген зор құрмет әрі ерекше өнерімен тарихта қалған тұлғаларға ел ықыласының айрықша белгісі. Түптеп келгенде, мұны тарихи әділдікті қалпына келтіру деп түсінген жөн. Аға буынның өнердегі жолын қазіргі жастарымыз да лайықты жалғастырып келеді. Осы сабақтастықты сақтау өте маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### РУХАНИ ҚАЛҚАН БОЛУЫ ТИІС

Президент бүгінде көптеген жас өнерпаз ерекше дарынымен бүкіл әлемді таңғалдырып жатқанын атап өтті. Бұл орайда Мемлекет басшысы Димаштың бірегей өнеріне тәнті болған түрлі елдің азаматтары Қазақстанның әнұранын шырқап, көк туын желбіретіп жүргенін айтты.

«Өнер – тәрбие құралы. Мен Ұлттық құрылтайдың отырысында ұлт болашағына қауіп төндіретін бес кесел туралы айттым. Қоғамды осы кеселдерден тазартуға мәдениет қайраткерлері зор үлес қосып келеді. Лудомания мен нашақорлықтың зиянын ашып көрсететін тың туындылар шығып жатыр. Бұл – өте дұрыс бастама» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, мәдениет саласының өкілдері халықтың рухани қалқаны болуға тиіс. Сондай-ақ Президент олардың жас ұрпақты жасампаздыққа, жаңашылдыққа үйретуге, бірлікті нығайтуға, өнімді еңбек етуге баулуға белсене атсалысатынына сенім білдірді.

«Сіздер мәдениет пен өнер жолына адал болып, қажырлы еңбек етіп келесіздер. Оған бүкіл ел куә. Өнер адамы үшін ең құнды марапат – халықтың ыстық ықыласы. Мен төл мәдениетімізді дамытуға мол үлес қосып жүрген бір топ азаматты марапаттау туралы шешім қабылдадым. Мәдениет саласында ерекше орны бар 7 іргелі ұжым биыл мерейлі белеске жетіп отыр. Сондықтан бүгін негізінен осы мекемелердің қызметкерлеріне жоғары мемлекеттік марапат тапсыруды жөн көрдім» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің дирижері Жексен Айсын, А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының аға оқытушысы Мұрат Бисенғалиев сөз сөйледі.

Президентке Премьер-министр Олжас Бектенов су тасқынының салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға жан-жақты көмек көрсету жұмыстары Үкіметтің тікелей қадағалауымен жүргізіліп жатқанын баяндады.

# ЕШКІМ КӨМЕКСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Үкімет басшысының мәліметі бойынша қазіргі кезде 61352 адам өз үйіне оралған. Эвакуациялық пункттердегі тұрғындарға (5452 адам) барлық қажетті көмек көрсетіліп жатыр.

20 мамырдағы жағдай бойынша 26 мыңнан астам отбасына 100 АЕК мөлшерінде бірреттік төлем беру үшін 10 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінді (жалпы, 32655 өтініш келіп түскен). Бұл жұмыстар Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Абай, Ұлытау облыстарында толықтай аяқталды. Ал Солтүстік Қазақстан облысында бірреттік қаржылай көмекті – 6090, Қостанай облысында – 4085, Атырау облысында 3730 отбасы алды.

Бұдан бөлек, зардап шеккен тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда баспаналары қираған 239 отбасы жаңа үйлер мен пәтерлерге қоныстанды. Атап айтқанда, Қостанай облысында – 146, Ақмола облысында – 57, Ақтөбе облысында – 28, Қарағанды облысында – 6, Павлодар облысында 2 баспана тұрғындардың игілігіне берілді.

Сонымен қатар Үкімет басшысының дерегіне сәйкес өңірлерде 873 жаңа үйдің құрылысы жүргізілуде. Нақтырақ айтқанда, Батыс Қазақстан облысында – 357, Қостанай облысында – 88, Ақтөбе облысында – 153, Атырау облысында – 70, Солтүстік Қазақстан облысында – 200, Павлодар облысында 5 тұрғын үй салынып жатыр.

Қазірге дейін 891 отбасыға үйлерін жөндеу және қалпына келтіру шығындары үшін жалпы сомасы 1,9 миллиард теңге көлемінде өтемақы төленген. Жалпы, су тасқынынан зардап шеккен аймақтарда 11137 тұрғын үй тексеріліп, 7863 нысанды бағалау жұмыстары аяқталды. Бағалау ісінің аяқталуына қарай, зардап шеккен тұрғындарға аса қажетті дүние-мүлік сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейін қосымша өтемақы төленіп жатыр. Сондай-ақ өлген малдың өтеуі үшін мемлекеттен бөлінген қаржылай көмектің көлемі 1,3 миллиард теңгеден асты.

Мемлекет қолдауынан бизнес те тыс қалмайды. Тасқыннан зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын өтеу механизмдері анықталып, тиісті жұмыстар басталып кетті. Бүлінген үй мен мүлікті жедел бағалау үшін қосымша ресурстар тартылды.

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақордада өткен кеңесте Ұлттық банктің былтыр атқарған қызметі туралы есеп берілді. Жиынға Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова, Қаржы министрі Мәди Такиев қатысты.



Президентке 2023 жылғы ақша-кредит саясатының орындалу нәтижелері, қаржы тұрақтылығын және алтын-валюта резервінің жай-күйін қамтамасыз ету үшін Ұлттық банктің қабылдап жатқан шаралары, сондай-ақ Ұлттық қордағы активтер туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына өткен жылдың қорытындысы бойынша инфляция екі еседен астам, яғни 9,8 пайызға дейін төмендегені туралы мәлімет берілді. Базалық мөлшерлеме 14,75 пайызға дейін төмендеген. Депозиттерді доллар түрінде сақтау 23,2 пайызды құрап, 26 жыл бұрынғы төменгі шекті деңгейге жетті. Бұл ретте Ұлттық банктің жалпы алтын-валюта резерві 2022 жылмен салыстырғанда биыл 0,9 миллиард долларға немесе 2,5 пайызға көбейіп, 36 миллиард долларды құраған. Ұлттық қордағы активтер 4,3 миллиард долларға өсіп, 60 миллиард долларға жетті. Активтердің табыстылығы 11,38 пайыз болды. Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі былтыр 3,2 триллион теңгеге ұлғайып, 17,8 триллион теңгеге жеткен. Зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляция деңгейінен асып, 10,1 пайызды құрады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Цифрлық теңге» жобасының іске асырылу барысы және цифрландыру мәселесіне қатысты маңызды бастамалар жайында ақпарат берілді. Атап айтқанда, 2023 жылы қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп, Open API платформасы мен Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі антифрод-орталығы пилоттық режимде іске қосылды.

Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси тұрақсыздыққа, жоғары инфляцияға және жаһандық сауданың төмендеуіне қарамастан, былтыр жалпы Қазақстан үшін жақсы жыл болғанын атап өтті. Сонымен қатар қазіргі әлемдік жағдайда еліміздің макроэкономикалық және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Ұлттық банк пен Үкімет үйлесімді жұмысты жалғастыра беруі қажет. Жиын қорытындысы бойынша Президент ұлттық қаржы нарығын жүргізіп отырған саясаттың тиімділігін арттыруға және инфрақұрылым құруға қатысты бірқатар міндет жүктеді.

# ӨҢІР ӘКІМІНЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбайды қабылдады. Кездесу барысында Президент аймақтың жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктеді.

Атап айтқанда, өңір экономикасын әртараптандыру, соның ішінде жаңа өндіріс орындарын ашу және дамудың тың бағыттарын қолға алу керек екеніне назар аударды. Туризм, құрылыс, көлік-логистика салаларын өркендетуге айрықша мән берілуге тиіс.

Мемлекет басшысы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту үшін кешенді шаралар қабылдау маңызды екенін атап өтті. Облыс әкіміне Ақтау қаласы мен оның төңірегіндегі елді мекендерді жылумен, ауызсумен қамтамасыз етіп отырған МАЭК және «Каспий жылу, су арнасы» кәсіпорындарының балансындағы инфрақұрылымды жөндеу, жаңғырту жұмыстарын жеделдету тапсырылды. Сондай-ақ өңірдегі су тапшылығын жою үшін «Каспий» су тұщыту зауытының қуатын арттырып, жеке инвестициялар есебінен қосымша сумен қамтамасыз ету нысандарын іске қосу қажет.

№61 (4649) 23/05/2024 Бейсенбі

# БАЛАНЫ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек 5 жасар баланы өлімнен құтқарып қалған Ақан Әкімжановпен және оның ата-анасымен кездесті.

«Ақан өзінің жылдамдығымен және батылдығымен қайғылы жағдайдың алдын алды. 7-сынып оқушысы 4-қабатта ілініп тұрған кішкентай бүлдіршінді құтқарып қалды. Ақанның ата-анасына ержүрек ұл өсіріп, лайықты тәрбие бергені үшін алғысымды білдіремін! Ақан сол сияқты оқуда да, спортта да жетістіктерге жетіп жүр. Мұғалімдері мен сыныптастары ол туралы адал дос, саналы және жауапкершілігі мол оқушы деген пікірде. Ақанға планшет пен бір миллион теңге сыйға берілді. Сондай-ақ болашақта колледжге немесе университетке түсу кезінде де көмек көрсетеміз» деп жазды Астана қаласының әкімі.

20 мамырда Ақан тұрғын үй ауласында ойнап жүргенде 4-қабаттың балкон қоршауына ілініп тұрған баланы байқап, бірден кіреберістен кіріп, 4-қабатқа көтеріліп, 5 жасар баланы аман алып қалды. Көпбалалы отбасынан шыққан Ақан «қажет болса, жұртқа көмектесу – парызым» деп санайды.



# МЕРЕЙТОЙ ИЕСІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында құрметті еңбек ардагері, Астана қаласы мәслихатының I, II және III шақырылымдарының депутаты, II шақырылымның хатшысы болған Вера Лукьянецті 80 жылдығымен құттықтау салтанаты өтті.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Мерейтойға арналған салтанатты рәсімді қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов құттықтау сөзбен ашты.

– Азаматтарымыздың өмірі мен денсаулығы үшін күресе жүріп, саналы ғұмырын осынау игілікті іске арнаған құрметті Вера Григорьевна! Қатысушылар атынан сізге алғысымды білдіремін. Сіз өз біліміңіз бен тәжірибеңізді білікті медициналық көмекке мұқтаж адамдарға арнай отырып, медицина қызметкерлерінің бірнеше буынын – жоғары білікті дәрігерлерді тәрбиелей алдыңыз. Кәсіби міндеттермен қатар қоғамдық жұмыстармен де белсенді айналысқаныңызды атап өткім келеді. Сіз қалалық мәслихаттың I-III шақырылымының депутаты, сондай-ақ қалалық мәслихатты басқарған жалғыз әрі бірінші әйел хатшы болып қала бересіз, – деді Ерлан Каналимов.




Экономикалық дағдарыс жылдарында Вера Лукьянец зейнеткерлер мен мүгедектерге арналған қайырымдылық оқу-сауықтыру іс-шараларын өткізді. 1990 жылы Үкіметтің тапсырмасы бойынша ол Қазақстандағы алғашқы шаруашылық есептегі консультативтік-диагностикалық емхана құрып, екі жылдан кейін оны «Дәстүрлі және халықтық медицина орталығы» етіп өзгертті. Дәстүрлі медицинаның барлық әдісін игерген білікті маман емдеу орталығын заманауи медицинамен біріктіргенін, оның ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен емшілерге үміткерлерді сынақтан өткізу үшін база болғаны, көптеген жыл бойы осы орталықта ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілгені жайлы айта келе, мәслихат төрағасы мерейтой иесінің Қазақстанда, Ресейде, Украинада, Испанияда, Израильде, АҚШ-та, Австралияда өткен халықаралық конференцияларда сөз сөйлеп, өз нәтижесімен бөліскенін атап өтті. Одан соң Астана қаласының тұңғыш әкімі Әділбек Жақсыбековтің мерейтой иесіне арнаған құттықтау хатын оқыған Ерлан Каналимов мерейтой иесіне VIII шақырылымдағы мәслихат депутаттарының атынан гүл шоқтарымен бірге естелік сыйлық тапсырды.

Қоғам алдындағы еңбегі үшін Вера Григорьевнаның есімі «Қазақстан Республикасының Алтын кітабына», «Елорданың 100 тұлғасы» альманахына, «Қазақстанның 100 әйел тұлғасы» кітабына енді. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық бизнес-рейтингі ұйымдастыру комитетінің «Ерекше жеке және кәсіби қасиеттері үшін» шешімімен «Сезімтал жүрек» медалімен марапатталғаны туралы экс-депутаттың әріптестері жылы естеліктерімен бөлісті. Бұл ретте 1994 жылдан 1999 жылға дейін Ақмола қаласы мәслихатының I шақырылымының хатшысы қызметін атқарған, көп жыл бойы осындағы ірі кәсіпорындарда басшы болып жұмыс істеген Александр Миноров, сондай-ақ әр жылдарда депутат болған әріптестері Марат Аманбаев, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, 2000-2006 жылдары қалалық Денсаулық сақтау департаментін басқарған Мәжит Шайдаров, еңбек ардагері, «Әділет» тұтынушылар құқығын қорғау қорының төрағасы Еркін Томпиев, Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары болған Юсуп Келигов, Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова және «Дәстүрлі және халықтық медицина орталығының» медициналық мәселелер жөніндегі жетекшісі Раушан Қуанышбаева ыстық ықыласын білдірді. Жылы құттықтаулары мен тілектері үшін әріптестеріне шын жүректен алғыс айта келе, Вера Лукьянец оларға ізгі тілегін жеткізді.



# ҮЗДІК ӨНЕРПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда Мәдениет және өнер қызметкерлері күнінде салаға еңбек сіңірген өнерпаздар елорда әкімдігі атынан марапатталды.

Индира БЕРЖАНОВА

Мәдениет саласындағы қызметкерлерді жемісті еңбегі үшін марапаттауға арналған салтанатты жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мен қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов арнайы қатысты.

«Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады. Мәдениет және өнер майталмандарын қала әкімі Жеңіс Қасымбектің атынан кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Қазіргі таңда Астанада 46 мәдени мекеме жұмыс істейді. 5 мыңға жуық қызметкер мәдениет саласының дамуына, рухани байлығымыздың еселене түсуіне өлшеусіз үлес қосуда. Айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иелері – рухани жан дүниесі бай, өнерге берілген азаматтар. Мерекелеріңіз құтты болсын! Халық назарына ұсынар туындыларыңыз мол болсын! Сарқылмайтын шабыт, өнер жолында шығармашылық табыс, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілеймін!» деді өз сөзінде Е.Байкен.

Астана қаласы бойынша 3 қызметкерге Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның атынан «Еңбек ардагері» медалі табысталса, 14 қызметкерге «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, 12 қызметкерге «Құрмет грамотасы» және 15 қызметкерге алғыс хат табысталды. 32 қызметкер Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің алғыс хатымен, 14 қызметкер Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің алғыс хатымен, 6 қызметкер Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың алғыс хатымен марапатталды.

«Биыл мәслихат депутаттары қалалық әкімдікпен бірлесіп, мәдениет нысандарын жөндеу мен салуды, жалақыны арттыруды, кітапхана жүйесін жаңғыртуды көздейтін алдағы 3 жылға арналған «Мәдениет саласын дамытудың кешенді жоспарын» әзірлеп, бекітті. Халықтың мәдени дамып, рухани жаңғыруы бағытында күш салып келе жатқан өнер иелеріне құрмет қашанда жоғары. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, бас қаламыздың мәдениеті мен өнерін өрістету, ұлттық мәдени мұрамызды әлемге таныту жолындағы еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін!» деді қалалық мәслихат төрағасы.

Мерекелік жиын концерттік бағдарламамен жалғасып, кеште халықаралық байқаулардың лауреаттары Алтынбек Арыстанбек, Әкімхан Мәженов, «Шалқыма» халық биі ансамблі өнер көрсетті.

# ОТАНСҮЙГІШТЕР ОРДАСЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Үш күн бойы өтетін дала жиынын Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Білім басқармасы, елорда әкімдігінің жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімі қолдауымен, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы ұйымдастырды.



Салтанатты ашылуға Қорғаныс министрлігінің өкілдері, мәслихат депутаттары, Астана қаласы әкімдігінің жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы Руслан Бешеев, Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мейірбек Меңдіғалиев қатысты.

– Әскери-патриоттық далалық жиын 22 мамырдан 24 мамырға дейін созылады. Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыс нәтижелері бойынша үздік жас сарбаздықтар айқындалады. Үздіктер Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы облысының әскери полигонында өтетін «Айбын-2024» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына жолдама алады. Онда еліміздің барлық өңірінен мықты жастар қатысады. Бүгінгі жас сарбаздықтар – ертеңгі Отан қорғаушылар, – деді Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник Айдын Айтбаев.

Астана қаласы Қорғаныс істері департаменті өкілі, запастағы полковник Ғани Артықов жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін әскери-патриоттық дала жиынының негізгі мақсаты әскери қызметті насихаттау, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің имиджін арттыру, түрлі елдің жас армия бірлестіктері арасындағы ынтымақтастықты нығайту екенін атап өтті.

– Үш күн бойы өтетін дала жиындары «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтарының басшылары әрі алғашқы әскери дайындық оқытушыларының жылдық жұмысын қорытындылайды. Жиын барысында жас сарбаздықтар әскери техникамен және қару-жарақпен, мерзімді қызмет сарбаздарының күн тәртібімен танысып, жарыстарға қатысады. Бұл – әскери-тактикалық далалық ойын, АК-74 автоматын толық шашып, бөлшектеу, тартылу, жалпы әскери қорғаныс киімін кию, арқан тарту, зияткерлік жарыстар және қашықтыққа жүгіру, – деді Ғани Артықов.

Іс-шараға қатысушы жастар жарыстарға қатысу қызық өткенін атап өтті. Ұйымдастырушылардың сөзінше, болашақта Қазақстанды халықаралық деңгейде лайықты таныстыру үшін мүмкіндігінше әскери-патриоттық даярлыққа көп көңіл бөлінеді.

**Құралай МҰРАТОВА**



# ЕЛОРДА ЭКОЛОГИЯСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Елорданы дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы бес жыл ішінде Астананы жасыл қалаға айналдыруды, көпжылдық өсімдіктерді көбірек отырғызуды тапсырған болатын. Осы ретте елордада қаланы жаппай көгалдандыруға бағытталған «Жасыл Астана» экологиялық акциясы жалғасып жатыр. Күн сайын қаланың көшелері мен саябақтарында, көпшіліктің демалысына арналған қоғамдық кеңістіктерде ағаш отырғызу жүргізіліп жатыр. Жалпы, биыл Астанада бір миллион жасыл желек отырғызу жоспарланған.

### МӘҢГІЛІК ЕЛ ДАҢҒЫЛЫНДА КӨШЕТ КӨБЕЙДІ

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында Астанадағы Мәңгілік ел даңғылы бойында мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері және танымал әртістер ағаш отырғызды.

Акция аясында әрі Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылған іс-шараға Астана қаласының әкімдігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігі атсалысты.

«Мәдениет және өнер қызметкерлері кәсіби мерекесіне орай Мәңгілік ел даңғылы бойына 50 көшет отырғызылды. Бұған дейін де экоакция аясында қаламыздағы мәдени мекемелер маңында, ескерткіштер аумағында, басқа да аудандарда тазалық акциялары ұйымдастырылған болатын. Осындай іс-шаралар жиі өткізіліп тұруы керек деп есептеймін. Өйткені мұндай акциялар арқылы жас буынға үлгі-өнеге көрсетеміз. Сондай-ақ тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтереміз, қоршаған ортаға деген оң көзқарасын қалыптастырамыз» деді Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшының орынбасары Нұран Хамзин.

Экоакцияға танымал кино және театр әртістері мен мен әншілер қатысты.

«Бүгін – ерекше мереке. Кәсіби мереке күні ағаш егу, қаланың тазалығын сақтауға атсалысу мәдениеттің үлгісі деп санаймын. Мінеки, бүгін экоакцияға қатысып, еліміздің және елордамыздың көркіне көрік қосып жатырмыз. Айналамызда ағаштардың жайқалып өсуі – экологиямызға қосқан үлкен үлес болмақ» деді Астаналық цирк директоры Ерік Жолжақсынов.

Айта кетейік, «Таза Қазақстан» іс-шарасы әлі де жалғасын табуда.

### ДИПЛОМАТТАР ЭКОАКЦИЯНЫ ҚОЛДАДЫ

Астанада әлемнің түрлі елдерінен келген дипломаттар қаланы көгалдандыруға өз үлесін қосып, Президент саябағына ағаш отырғызды.

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакциясы аясында елордада Малайзия, Израиль, Португалия, Швеция, Бразилия дипломаттарының қатысуымен ағаш отырғызылды. Экоакцияны Алматы ауданы әкімдігінің өкілдері мен «Жер амбассадорлары» жобасының қатысушылары қолдады.

«Біздің бүгінгі ағаш отырғызуымыз еліміздің «жасыл» экономикаға көшуі аясында ормандарды қалпына келтіру, сондай-ақ ормандарды кесудің алдын алу жөніндегі Қазақстанның күш-жігеріне сәйкес келеді. Біздің қызметіміз Алматы ауданы әкімдігінің және «Жер амбассадорлары» жобасының қолдауынсыз мүмкін болмас еді. Сіздердің іс-шараға қосқан үлестеріңізге үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді» деді Таиланд Корольдігінің елшісі Чатчаван Сакорнсин.

Іс-шара барысында Президент саябағында жабайы алма ағаштарының 16 көшеті отырғызылды.

«Таиланд елшілігінің өкілдері «Таза Қазақстан» республикалық экоакциясын қолдауға ниет білдірді. Президент саябағының аумағында 16 ағаш отырғыздық. Экоакцияға түрлі елдердің елшілері мен белсенді жастар да қатысты» деп атап өтті Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Әбдірайымов.

«Жер амбассадорлары» жобасының қатысушысы Нұрхамит Жақыповтың айтуынша, отырғызылған ағаштар астаналықтардың сүйікті саябағын гүлдендіре түседі.

«Біз жеміс бермейтін, бірақ өте әдемі гүлдейтін 16 жабайы алма ағашын отырғыздық. Келесі жылы саябақ тек сиреньмен ғана емес, біз отырғызған гүлденген алма ағаштарымен де көркейе түседі деп үміттенеміз» деді Нұрхамит Жақыпов.



### РИКАРДО КАКА КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

«Таза Қазақстан: Астана тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында футзалдан ұлттық құраманың бас бапкері Рикардо Кака мен меценат Талғат Қожахметов Қазақстан футбол федерациясы аумағында көшет отырғызу акциясына қатысты.

2018 жылы ұлттық құраманың бас бапкері ретінде тағайындалған Рикардо Кака 2021 жылы Литвада өткен әлем чемпионатында Қазақстанды алғаш рет жартылай финалға жеткізген болатын.

Ал «Сайран» ЖШС құрылыс компаниясының бас директоры Талғат Қожахметов те шағын футболды таныту мақсатында бірнеше алаңдарды салып берген.

«Қазақстан футбол федерациясының жанында шағын футболымызды әлемге танытқан Какамен бірге көшет отырғызу да үлкен мәртебе. Кейінгі жас ұрпақ осы ағашты танымал бапкер отырғызды деп еске алып жүреді» деді меценат Талғат Қожахметов.

### ҚАЛАЛЫҚ ЗИРАТ АЙМАҒЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экоакциясы аясында қалалық зират аймағында сенбілік өтті.

Тазалық жұмысына Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Қайролла Көшқали, Астана қаласының бас имамы Ерболат Жүсіпов, Діндерді зерттеу орталығының директоры Алмас Ерназаров пен орталық қызметкерлері және мешіт жамағаты қатысты.

«Экоакция аясында Дін істері жөніндегі басқарма, Діни бірлестіктер мен Діндерді зерттеу орталығының қызметкерлері бірге акцияға атсалысты. Қалалық зират айналасын қоқыстан, әсіресе құрылыс қалдықтарынан тазаладық. Жалпы іс-шараға 70-тен астам жамағат қатысты» деді Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Қайролла Көшқали.

«Елімізде «Таза Қазақстан» акциясы аясында көп игі іс жасалып жатыр. Бүгін мешіт имамдары мен шәкірттері орталық зиратқа келіп, сауапты іс жасауда. Жалпы имани тәрбиеге мән беретін болсақ, тазалық иманнан деп айтамыз. Кешегі бабаларымыз үйінің жан-жағын тазалап, әрқашан көктем-жазға дайындық жүргізген. Сондықтан ең бастысы тазалықты ұстану керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын» деді Астана қаласының бас имамы Ерболат Жүсіпов.










# ДӘРІГЕР КӨМЕГІ – ҚАРТТАРҒА

Егде тартқан қарттардың қалыпты өмірін қамтамасыз ету үшін қоғам тарапынан қосымша қолдау қажет. Жас келіп, кәрілік жеңген сайын адам өмірінде күрделі кезең басталады. Осы кезде эмоционалдық күйі әлсіреп, ауытқымалы психологиялық жағдайына қоса түрлі созылмалы ауруларының асқынуынан өзі-өзіне қызмет ете алмайтындай күйге түседі.



Айгүл УАЙС

Мемлекет арнайы қарттарға көмек көрсетудің бірыңғай стандарттары және басқа да заңнамалары негізінде бұл мәселені шешуге тырысуда. Бұл бір жағынан әрбір ізгілікті қоғамның қарт адамдарға деген қолдауының белгісі. Егер жанашыр жақындары болмаса, қазіргі уақытта қарт адамдарға бағытталған көмектің көп түрін мемлекет өз жауапкершілігіне алып отыр. Яғни, осындай әлеуметтік қызметтің басты бағыты денсаулық сақтау саласына беріліп отыр. Оның тиімді үлгісін көп жылдардан бері Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы көрсетіп келеді.

Мұндағы медициналық бөлімнің құрамында үш жалпы тәжірибелік дәрігер, бір-бірден реабилитолог, психотерапевт, эпидемиолог, невропатолог, стоматолог, ортопед, стоматолог, хирург, УДЗ дәрігері жұмыс істейді. 65 палата көмекшілері, отызға тарта тазалаушылар күндіз-түні азаматтарға күтім көрсетіп келеді. Дәрігерлік нұсқауларды жүзеге асыратын 55 маман мейірбике кезекшілікте болса, оның ішінде 23 маман тәулік бойы қызмет көрсетеді. Әр блокта тәулік бойы жұмыс істейтін медбикелік пункттер бар. Физиотерапия бөлімінде массаж мамандары, ЛФК нұсқаушысы, жүзу бойынша нұсқаушы бар. Көрсеткіштер бойынша көрсетілетін қызметті алушыларды жоспарлы емдеуге жатқызу стационарлық көмек, оның ішінде республикалық деңгейде жоғары мамандандырылған медициналық көмек алу үшін жүзеге асырылады.

Орталықтың тұрғындары бассейнде суда жүзіп, скандинавиялық жүрумен де айналысып, таңертеңгілік дене шынықтыру мен спорт клубтарында шынығады.

**Фазыл ӘБДІКӘРІМОВ, дәрігер:** Негізгі міндетімізге қарттар мен мүгедектердің жасына және денсаулығының көрсеткіштеріне қарай тиісті өмір сүру жағдайларын жасап, оларға күтім көрсетіп, медициналық көмек көрсету шараларын белгілі бір стандартқа сәйкес үйлестіре білу жатады. Әрбір қызмет алушы орталыққа келген кезде дәрігердің қарауынан өтеді. Міндетті медициналық тіркеумен қатар амбулаторлық картасы толтырылып, түскен адамның, оның жеке заттарының санитарлық зарарсыздандырылуы жүргізіледі. Әр түскен адамның 14 күн ішінде мамандар жеке жұмыс жоспарын түзіп, психологтің басшылық жасауымен бейімделу шаралары жүргізіледі.

Орталық тұрғындарының дені қарттар болған соң, ерекше күтімді қажет етеді. Олар күндіз-түні медицина қызметкерлерінің қадағалауында болып, дер кезінде барлық ем-шаралары көрсетілгеннен кейін денсаулығы жақсарып, өмір сапасы артып, ғұмыры да ұзарады. Мұнда олардың жас ерекшеліктері мен қажеттілігіне қарай көрсетілетін медициналық көмек те жақсы жолға қойылған. Дәрігерлердің нұсқауымен барлық ем-шарасын уақытында алады. Түрлі мүгедектіктерімен қатар бұл кезеңде денсаулығы сыр беріп, көбіне инсульт алып жатады, ауыр кесел кейбірін қайта соққанда, қол-аяғы құрысып, орталық жүйке жүйесіне айтарлықтай зақым келеді. Жағдайы нашарларға жолдама беріп қаладағы стационарларға емделуге жібереміз. Одан кейінгі қалпына келтіру, денсаулығын жақсарту шаралары өз кезегімен осында өтеді. Қала бойынша ең тиімді жабдықтардың бірін демеушілер жеткізген болатын. Бұл адамның аяқ-қолдарының активті-пассивті механотерапиясына арналған құрылғы. Бұл аппаратты төсек тартып жатқан науқастар да пайдалана алады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қажетті емнің жақсы нәтижесіне тезірек қол жеткізуге болады. Механотерапиялық аппараттағы жаттығулар арбаға таңылған,







Сұлтан СЕЙІТ

инсульттан кейінгі науқастарға, сал ауруымен ауыратындарға өте пайдалы. Осы құрылғыны қолданғалы бір жылдық тәжірибеден байқағанымыз аяқ-қолдары инсульттан кейін тартылып қалғандардың жағдайы көп жақсарады.

**Мұратбек МҰСАХАНОВ, дәрігер-реабилитолог:** Әр адам өзінің денсаулығына байланысты маман-дәрігерлерге қаралуымен қатар, әлеуметтік-медициналық сипаттағы оңалту іс-шаралары, соның ішінде дәрі-дәрмексіз терапия қатар жүргізіледі. Мұны іске асыру үшін жабдықталған бірнеше кабинеттер бар. Физиотерапия кабинетінде электр тоғымен емдеу (УК, Бернар тоқтары, электрофорез, ультрадыбыс, ультратон); жарықпен емдеу (биотрон); жылумен емдеу (парафин, УВЧ); ингаляторий; сумен емдеу (гидросылау ванналары, Шарко душы); магнитпен емдеу түрлері кіреді. Мұндағы емдік-жаттықтыру жабдықтары адамның барлық бұлшық еттерін қамтып, оларды шынықтыруға арналған. Жақында тұз шахтасы ашылды. Сылаудың екі түрі бар. Емдік-дене шынықтырулық залында жүгірме жолы, велотренажер, күш тренажерлері қойылған. Бассейн де емдік процедураның біріне жатады. Бұларға қоса, ем-шараларымызды жетілдіруде әлі де заманауи құрал-жабдықтар қажет. Орталық 2007 жылы ашылған содан бері құрал-жабдықтары жаңартылған жоқ. Бізге тек мүгедектерге арналған аппараттардың артығы жоқ.

Қарттарға ерекше әрқайсысына жеке-дара, науқасы мен денсаулығына қарай қалпына келтіру жаттығуларын белгілеу керек. Өзіміздің орталықтағы азаматтарға қоса, бүкіл қала бойынша күтімді қажет ететін қарияларға қызмет етеміз. Олар өздігімен емханаға бара алмайтындай жағдайы болса, онда әлеуметтік қызметкерлердің көмегімен осында жеткізіліп тиісті ем-шарасын алады. Бұлар көбіне, бала-шағасы жоқ мүгедектер, жалғызілікті адамдар. Жылына 700 адамға әрқайсысына 10-20 күннен белгілеп, денсаулығын түзейді.

– Орталықтың әрбір қызметкері қариялармен, мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс істеу кезінде адамгершілікті бәрінен де биік қояды. Біз күнделікті жұмысымыз арқылы осынау әлеуметтік әлжуаз топқа бар мейірімімізді, шапағатымызды көрсетуге бар күшімізді саламыз, – дейді «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директоры Ардақ Сейітова.

# АСТАНАНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елорда әкімдігінің мұрындық болуымен Астанада ТМД елдері және Қытайдың дәрігерлері мен медициналық агенттеріне арналған ақпараттық тур ұйымдастырылды. 20 мамыр мен 1 маусым аралығында елорданың жетекші медициналық нысандарын аралайтын шетелдік қонақтар Астананың медициналық әлеуетімен танысу үшін шақырылды. Бұл өз кезегінде елордадағы медициналық туризмді дамытуға септік етеді.

Райхан РАХМЕТОВА

Тур барысында аталған елдерден келген медицина мамандарына қаланың ең үздік емдеу мекемелері, медициналық қызметтердің негізгі бағыттары, сонымен қатар қаланың туристік инфрақұрылымы таныстырылды. Атап айтқанда, турға қатысушылар «UMC» корпоративтік қоры, Ұлттық балаларды оңалту орталығы, Ұлттық нейрохирургия орталығы, Ұлттық ғылыми онкология орталығы, ҚР Президенті Іс басқармасы ауруханасының, Халықаралық «UMIT» томотерапия онкологиялық орталығының, Green Clinic, Razzak Residence Clinic, Doctor Dent, Callisto Beauty Clinic, Tulip Medicine сияқты ұйымдардың жұмысын барып көрді. Бұл мекемелер онкология, кардиохирургия, нейрохирургия бағытында емдеудің озық әдістерін ұсынады және балаларды оңалту мен экстракорпоральды ұрықтандыру мүмкіндіктерін көрсетеді. Осы қызметтердің шетелдік науқастарға қалай көрсетілетіні туралы да тур барысында толық мәлімет берілді.

– Былтыр елорда медицинасына шетелдіктер тарапынан қызығушылық артқаны байқалды. Әсіресе, кардиохирургия, нейрохирургия, стоматология, балалар реабилитациясы және репродуктология салаларына сұраныс өскен. Мәселен, Қытайдан келетін науқастар тарапынан ЭКҰ бағдарламасына қызығушылық көбейген. Бұл мұндай қызметке жаһандық ауқымда сұраныс жоғары екенін және осы бағытта Астанадағы медициналық қызмет көрсету сапасына сенім орнағанын білдіреді. Осыған орай түрлі елдердің медициналық агенттері аталған бағдарламаға қатысуға белсенді түрде шақыртылуда. Олардың түрлі елдерден келетін медициналық туристердің қажеттіліктерін түсінуі мен сараптауы Астана қаласында тиісті емді қабылдау үшін жайлы және тиімді саяхатты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – дейді «Астана даму орталығы» ЖШС Медициналық туризмді дамыту департаментінің бас менеджері Гаянэ Жолтаева.



Ұлттық балаларды оңалту орталығына келген кезде қонақтардың бірі, әзербайжандық медициналық агенттік директоры Камала Гулиева елорда медицинасын жоғары бағалады.

– Бізді Астана қаласының әкімдігі арнайы шақырды. Қазақстан шетелден медициналық туристер қабылдауға айтарлықтай дайын деп санаймын. Өзім науқастарды шетелдерде емделуге жіберумен айналысамын. Елордадағы емдеу мекемелерінің жұмысымен танысу барысында көбінің заманауи талаптарға жауап беретін технологиялармен жабдықталғанына көзіміз жетті. Әсіресе, мен сіздің қалаңыздағы онкологиялық орталық жұмысының жоғары деңгейде екенін айтқым келеді және менің ойымша осы бағытта науқастарды жіберуге әбден болады, – деді ол.

Іс-шараның мақсаты – елорданың медициналық туристік әлеуетін таныстыру ғана емес, сонымен қатар түрлі елдердің медициналық мамандары және агенттерімен арада ынтымақтастық пен әріптестік байланыс орнату.

Сұлтан СЕЙІТ








# ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖҰРТҚА ҚЫЗМЕТ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Жастар сарайы – жастардың рухани-мәдени дамуына және бұқаралық спортпен айналысуға таптырмайтын орталық, оқудан тыс уақытта пайдалы дүниемен айналысып, бос уақытын тиімді өткізгісі келетін белсенді жастардың басын қосатын нысан. 1974 жылы негізі қаланған мәдени орталықта Целиноград, Ақмола және Астана қаласына тиесілі облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өтеді.

Жарты ғасырлық тарихы бар мәдени-рухани орталыққа арнайы барып, құттықтап, шығармашылық ұжыммен кездесіп, атқарылып жатқан игілікті бастамалармен таныстық.

– Жастар сарайы – креативті кластерді ілгерілететін орын. Мұнда сурет галереялары, жастарға арналған коворкинг-орталықтар және перформансқа арналған аймақта жастар өз әлеуетін іске асырып, идеясы мен ұсынысын талқылайды, тәжірибе алмасады. Креативті жастарға арналған шығармашылық хаб саналады, – деді Жастар сарайының директоры Мәди Тайпин.

Мұнда 200-ден астам өнерпазы бар 14 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Елордалықтар түрлі ұлттың биін үйренгісі келсе, «Меруерт» заманауи би ансамблін, «Уақыт» би театрын, «Ровесник» халық би ансамблін, «Радуга» заманауи және эстрадалық би студиясын таңдай алады. Жасөспірімдер мен жастардың ән орындау қабілетін шыңдайтын «DoStar» вокал мектебіне, «Андерграунд» музыка студиясына, халық музыкалық аспаптарын үйрететін үйірмеге қызығатындар көп. Сондай-ақ «М-өнер» театр студиясына, «PrimaVera» сән және сұлулық студиясына, «Сириус» цирк өнері мектебіне, бейнелеу өнері шеберханасына және армрестлинг секциясына қатысып, өнердің сан түрін меңгеруге болады. «Жастар» скаут клубы талапты, талантты жастардың елге танылуына жағдай қалыптастырса, «Sharm models» модельдер мектебіне



40 жастан асқан адамдар бара алады.

– Жастар сарайы – мәдени-демалыс, спорт-сауықтыру бағытын қамтитын көпфункциялы кешен. Бұл мекемені құру идеясы тың игеру жылдарында пайда болған-ды. Сарайды жобалау және сәулет шешімдерімен сәулетші А.Полянскийдің тобы айналысты. 1974 жылы Жастар сарайы пайдалануға беріліп, 1975 жылы 20 наурызда таныстырылды. Сарайда балаларға, жастар мен ересектерге арналған мәдени-бұқаралық, ойын-сауық іс-шаралары: концерттер, музыкалық кештер, спектакльдер, көрмелер, презентациялар, білім беру және іскерлік кездесулер, семинарлар, премьералық көрсетілімдер, көркемөнер көрмелері, халықтың әлеуметтік осал топтарына және ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылады, – деді орталық басшысы.

Мұндағы спорт кешеніне бассейн мен спорт зал кіреді. Онда спорт іс-шаралары өтіп, спорт секциялары жұмыс істейді және ересектер мен балаларға арналған жаттығулар өтеді.



– Біздің өнерпаздар республикалық және халықаралық конкурстарда табысты өнер көрсетіп келеді. Мәселен, Алина Сағынбаева – «Жас қанат-2023» республикалық жас орындаушылар байқауының финалисі, «Liberta Creativa» халықаралық байқауының жеңімпазы, Египетте өткен «Қызыл теңіз жұлдызы» халықаралық байқауының гран-при иегері. Дәмелі Біржанованың да жетістігі аз емес, ол «Бала дауысы», «Бозторғай», «Алтын микрофон» және «Шаттық» конкурс-фестивальдерінде өнерімен көпті тамсандырып, жоғары жетістікке жетті. Жас орындаушы Жасмина Түзелова елге біршама танылып үлгерді. «Айгөлек-2020» тележобасында жарқырай көрінді, әр жылдары өткен «Бала дауысы», «Аялаған Астана», «Шаттық» байқауларының жеңімпазы атанды. Тағы бір талантты шәкіртіміз Сағын Өмірбайұлы «Голос. Дети (Ресей)»-дің финалисі болды, – деп талантты шәкірттерімен таныстырды орталық басшысы.

Өнерлі жастарды баптап, бағын ашатын M-Art театр студиясында әртістердің бірнеше буыны тәрбиеленіп, одан кейін Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындарында кәсіби білімін шыңдады. Қазір театр студиясының түлегі Александр Молочко Мәскеуде жұмыс істейді және сондағы университетте сахналық сөйлеуден сабақ береді. Орталықтың түлектері Мария Суворова мен Дмитрий Сучков кәсіби білім алып, Санкт-Петербургтегі театрда қызмет етеді. Мақсат Шайзақ есімді талант иесі «Шабыт» өнер университетінде білімін жетілдіріп, өнер саласында өзінің ізін қалдырды. M-Art театр студиясында жас таланттарды танып, бағын ашып жүрген Светлана Грабовская мен Анжелика Костареваның еңбегі ерен. Оларды әңгімеге тартып, 50 жылдықпен құттықтадық.

– Жастар сарайында 22 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Мұнда 7 жастан бастап өнерлі балаларды қабылдап, актерлік шеберлік, сөйлеуді дамыту, тыныс алу және дауысты басқару, риторика, сахналық сурет бойынша жұмыс істейміз. Жыл сайын студия өнерпаздары Жастар сарайындағы қойылымдарға, спектакльдерге қатысып, өнерін шыңдайды. «M-Art» – Мәскеудегі «Art-лицей» театр фестивалінің гран-при иегері және лауреаты, қалалық, республикалық, халықаралық байқаулардың тұрақты қатысушысы және жүлдегері, – деді студияның бас режиссері Светлана Грабовская.

Жастар сарайына 50 жыл болса, 80 жылдан бері тың игеру аймағында қызмет ететін ұжым бар. Ол – «Ровесник» халық би ансамблі. 1944 жылы құрылған ансамбль бастапқы кезде Теміржолшылар сарайына қарады. Бірнеше буынды тәрбиелеп, шәкірттерінің қалалық, республикалық және халықаралық байқауларда көрінуіне жағдай жасады. Ұзақ жыл ансамбльді басқарған Елена Рахматулина жақсы дәстүр қалыптастырды. Қазір Татьяна Скнарина жастарды өнерге баулумен қатар, ұйымдастырушы қызметін қоса атқарады. Ал хореограф болып Гузелия Сторчакова жұмыс істейді.

Мекеме басшысы Мәди Тайпинмен бірге «Меруерт» заманауи би ансамбліне, «Радуга» заманауи және эстрадалық би студиясына, «Время» би театрына арнайы бардық. Екі өнер ұжымы да жастарды әр ұлттың биіне баулиды екен. Біз ұлттық биден сабақ өтіп жатқанда үстінен түстік.

Бейнелеу өнері шеберханасы-студиясының жетекшісі Татьяна Табашникова бейнелеу өнері арқылы жастарды эстетикалық талғамды қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін іске асыруға, көркемдік көзқарас пен мәдениетті тәрбиелеуге және дамытуға ықпал ететінін сөз етті.

«DoStar» вокал мектебінде жасөспірімдерге сахна мәдениетін үйретіп, орындау қабілетін арттырады екен. Бізді қарсы алған өнер ұжымының жетекшісі Гүлмира Сейітова ақжарқын, ашық адам екен.

– 7 жастан бастап қабылдаймыз. Жас ұрпақты музыкалық және эстетикалық тәрбиелеуге мән береміз. Біздің шәкірттер – республикалық және халықаралық вокалдық байқаулардың жүлдегерлері, – деп мақтанышын білдірді ол.

«Underground music studio» гитара, домбыра, барабан, пернелі аспаптарда, ал халық музыкалық аспаптары орталығы домбыра, жетіген, прима-қобыз, қылқобызда ойнауды үйретеді екен.

– Орталыққа 18 жастан бастап қабылдаймыз. Ағашты қиып кесу, көркем жапсырма ою техникасын үйретеміз. Жалпы әрбір ағаш кескіні сөйлеп тұрады. Оны рухани сезініп, ағаштың иірімін тауып, өнер туындысын шығаруға болады. Өнер түрін жақсы меңгерген шәкірттерімнің арасында туындыларын нарыққа шығарып, сататындары да бар. Яғни өнерді бизнеске ұластыруға мүмкіндік мол, – деді ағаш ою шебері Андрей Сердюков.

**P.S:** ***1999 жылы Астанада еркін күрестен жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өтіп, елдің түкпір-түкпірінен балуандар келген-ді. Солардың арасында біз де болып, Жастар сарайындағы залда жарысқа түскен едік. Бұл орталық біздің ғана емес, бізге дейінгі, бізден кейінгі талай буынның өнер және спорт саласында бабын сынады. Сондықтан көпке таныс әрі ыстық орталық екені анық.***

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

# ТЫҢҒА ТҮРЕН САЛҒАН

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қоғам қайраткері, түркітанушы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және «Күлтегін» сыйлығының лауреаты Қойшығара Салғараұлының 85 жылдық мерейтойына арналған «Дала өркениеті: тарих, мәдениет, тағылым» атты ғылыми конференция өтті. Алқалы жиынға ғалым шығармашылығын қадірлейтін ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері және қаламдас достары қатысты.



Айта кетейік, Қойшығара Салғараұлының 85 жасқа толған туған күніне орай Мемлекет басшысы арнаулы құттықтау хатын жолдап, қабырғалы қаламгерге зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеген болатын. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев пен Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да жазушыны туған күнімен құттықтап, сый көрсеткен еді. Қазақ тарихы мен әдебиетінде өшпес із қалдырып, халқымыздың санасына тарихи азат сананы сіңіру жолында еселі еңбек сіңіріп келе жатқан Қ.Салғараұлының еңбек жолы, ашқан жаңалықтары туралы кеңінен толғап, кемелді пікір, келісті ойлар айтылған конференция Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтау хатымен ашылды.




«Қойшығара Салғараұлы – ұлт руханиятының өрісін кеңейтуге зор еңбек сіңірген қарымды қаламгер, қоғам қайраткері. Оның «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы» сынды және басқа да шоқтығы биік шығармалары қалың оқырманның жүрегінен жол тапты, ғылыми қауымдастықтың жоғары бағасын алды. Жазушының терең туындылары үшін мемлекеттік сыйлық иеленуі – осының айқын дәлелі. Ғалым Қытайдың сан ғасырды қамтитын архивтерінен тарихымызға қатысты тың деректер жинап, құнды ғылыми еңбектер жазды. Түркі халықтарының шығу тегін зерделеп, бауырлас елдердің ынтымақтастығын нығайта түсуге елеулі үлес қосты. Бұның бәрі өскелең ұрпаққа, әсіресе, жас ғалымдар мен қаламгерлерге үлгі екені сөзсіз» делінген Президенттің кеңесшісі Бауыржан Омаров жеткізген құттықтау хатта.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтау хатын депутат Қазыбек Иса жеткізді. Сонымен қатар ол «Ақжол» партиясының да құттықтауын жеткізіп, «Алаш» медалін табыстады. «Қазақ газеттері» ЖШС атынан бас директор Дихан Қамзабекұлы құттықтап, ғалымның өмір жолы жайлы өз ойларымен бөлісті. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Астана қаласы филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Әбдешұлының құттықтау хатын жеткізіп, ақсақалдың иығына шапан жапты.

Сондай-ақ ғалымға Еуразия ұлттық университеті ғылыми кеңесінің шешімімен ғылым мен білімнің дамуына қосқан айрықша үлесі үшін «Күлтегін» төсбелгісі табысталып, «Еуразия ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағы берілді. Осыдан кейін ғалымның «Адамзат өткен ұзақ жол» кітабының тұсауы кесіліп, сөз кезегі ғылыми баяндамашыларға берілді.

– Белгілі бір тақырыпты тереңдей зерттеуге түрлі нәрсе себеп болады. Бұған кейде адам, кейде заман, кейде қоғам ықпал етеді. Немесе қандай да бір шығарманың әсерінен ауқымды ізденістер басталып кетуі мүмкін. Көне тарих пен түркітанудың тамырына барынша бойлап, елеулі еңбек етіп келе жатқан Қойшығара Салғараұлының елдік шежіремізді жазуына да қозғау салған себептер баршылық. Алдымен өзі біраз жыл қызмет істеген «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газетінде көп жайтқа қанықты. Құрсаулы жүйенің қыр-сырына үңілді. Идеологиялық өктемдіктің өзегінен сәулелі саңылау іздеді. Тыйым салынғанына қарамастан кейбір зиялылардың қолында жүрген әдебиеттерді оқыды. Алаш арыстарының еңбектерімен танысты. Ағартушылық сана ұғымына ден қойды. Төл тарихымызды зерделеуге, ұлтымыздың тегін танытуға ұмтылды, – деп сөз бастады Президентінің кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Жұмаханұлы.

«Ғылыми құжатқа қатталған сірескен салалық бөлініске келсек, Қойшекең – тарлан тарихшы да, тегеурінді түркітанушы да емес, тек қана әйдік әдебиеттанушы, айбынды абайтанушы. Әдебиет және өнер институтының абайтану бөлімінде қызмет істеген майталман маман. Сөйте тұра, тарихқа барды. Тарихшы болғысы келгеннен емес, тарихтың насихатшысы болғысы келгеннен. Тарихтың қалтарыс-бұлтарыстарын түсіндіргісі келгеннен. Түпнұсқаны қарау арқылы тарихи деректердің дұрыс-бұрыстығын анықтауды жөн көргеннен. Ол – бұл мақсатына жеткен ғалым» деп жалғастырды ол.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түркітану және алтайтану орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлы Қойшығара Салғараұлының тыңға түрен салған тұстарына тоқталды.

Қойшығара Салғараұлының тарих ғылымына әкелген жаңа ой-пікірлерін, ұсыныстарын жіктеп, жүйелеп, мынадай үш түйінге жинақтадық:

– Көшпелілер тарихын жоққа шығарушы саясаттанған әдістемеден тарихты тазарту;

– Тарихи түпдеректерді салыстыра сараптау;

– Атауларға (термин) жасалған талдаулар, – деді ол.

Қойшығара Салғараұлы бізге берген сұхбатында «Мен Қытайдан 10 том кітаптың материалын әкелдім. Соның бесеуі баспадан шықты. Қалған бесеуі қолжазба күйінде қалды» деген болатын. Жиналыста баяндама жасаған қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахманов осы түйінге тоқталып, «Еуразия ұлттық университеті осы еңбектерді жарық көрсетудің амалын қарастырғаны жөн және оған мүмкіндік те бар» деді.

Қысқасы, осыдан жарты ғасыр бұрын қазақ әдебиетінде бұрын көтерілмеген тың тарихи тақырыпқа роман-эсселер циклын жазып, ерекше құбылыс ретінде жұртшылық назарын аударған Қойшығара Салғараұлы бұл күнде көзі қарақты, көкірегі ояу, ізденімпаз оқырманның айрықша ықыласына бөленді. Оның шығармашылығының өзегі әрі өзгешелігі – бұрын-соңды жазушы-тарихшыларымыз бара қоймаған бағзы замандар қойнауына дендей енуі, халқымыздың шығу тарихының бастауын қазіргі жыл санауынан да әрі бірнеше мың жылға, адамзат баласының жаратылуы дәуіріне апарып тіреуі еді. Бұл қазақ тарих ғылымы немесе түркітану ғылымы үшін ғана емес, әлемдік тарих үшін тосын да тың жаңалық болды! Генетик ғалымдар медицина ғылымының соңғы жетістіктерінің бірі – ДНҚ тәсілімен молекулада сақталып қалған тұқымтек қорын анықтау арқылы алғашқы адамдардың Оңтүстік Шығыс Африкада жаратылғанын анықтаса, Қ.Салғараұлы сол алғашқы адамдардың түрік тілінде сөйлегенін, адамзаттың түптегі – түріктер екенін әлемде бірінші болып дәлелдеп, 1990 жылдардың ортасынан бері тек осы бағытта оннан астам зерттеу еңбек жазды, ой-тұжырымдарын 2020 жылы жарық көрген «Адамзаттың ата тілі» («Алғашқы адамдар қай тілде сөйлеген») кітабымен қорытып, дәйектеп берді.

Қ.Салғараұлының еңбегі елеусіз де емес, «Қазақтар» роман-эссесі үшін 1996 жылы Қазақстанның мемлекеттік сыйлығы, түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін 2009 жылы Күлтегін атындағы сыйлық берілді. «Парасат», екінші дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.

# ТОПЖАРҒАН

Талапкер кезде алғаш жолықтық. Оның толық аты-жөні Қонысбай Іскендірұлы Әбілов екенін сонда білдім. Оқуға қабылданғандар тізімін хабарлайтын кезде күтіп, әңгімелесіп, бір жерде тұрған едік, тегіміз қатар аталғанда, қуанғаннан құшақтаса кеттік. Содан өле-өлгенше арамыз ажыраған жоқ, жұбымыз жазылмаған дос болдық.



Мен оған шешем сақтап жүрген өзінің бала кездегі хатын әкеліп көрсетіп, бір мәз болып күлгеніміз бар.

Жатақханада бір бөлмеде тұрдық. Сабаққа бірге дайындалдық. Өлеңді бірге жаздық. Қыздарға бірге қырындадық.

Қонысбайдың жазба және суырып-салма ақындығы, әзілқой-сатириктігі, әншілігі мен күйшілігі, композиторлығына қоса домбырадан бастап, гитара, баян, мандолина, аккордеон, пианино, саксофон сияқты кез келген музыка аспабында ойнай беретін ерекше қабілеті бар болып шықты. Қолына екі қасық берсең, тыңқылдатып музыка шығарып отырады. Өзі шешен. Күлдіргі. Кез келген отырыстың гүлі. Анекдотты қолма-қол ойдан құрастырып шығарады. «Сегіз қырлы» деген теңеу оған аздық ететін еді. Бірінші курста жүргенде Нұртілеу Иманғалиұлы, Марат Нұрқалиев, Бақберген Табылдиев, Бақыт Ахмеров сияқты кілең өнерлі жігіттердің басын қосып, «Ләйлім-шырақ» атты вокальді-аспапты ансамбль құрды.

Екінші курста жүргенде «Қанат қақты» кітабына Қадыр Мырза Әли ағаның алғысөзімен өлеңдер жинағым шығып, елдегі әке-шешеме өзімше қаламақы жіберіп, курстастардың «жу-жуымен» Қонысбай екеуміз жатақханаға үлкен сөмке толы «қызыл» әкеліп, бөлмеде алқа-қотан отырыс жасағанбыз. Сол отырыста Қонысбай бір жарқылдап еді-ау! Суырып салып, әрқайсымызға әзіл-өлең, анекдот шығарып, дуылдатқаны естен кетпес!

Оның ауызша күлдіргі әңгімелерінің кейіпкерлері өз ауылының адамдары болатын. Мен оған: «Осы сенің ауылыңда кілең қожанасырлар тұратын сияқты. Жөні түзу біреуі бар ма өзі?» деп әзілдейтінмін.

Сол бір жылы Қонысбайдың қайтыс болған әкесінің зиратын салысуға барғанымда ауылдастарымен танысып, таңырқап қайттым. Шетінен аузымен құс тістеген айтқыш шешендер! Қонысбай аузынан тастамайтын Ахаң, Жахаң, Нұрхан, Сырағаң, Ғафаң, Сейіт, Кеңшілік сияқты кілең ұлылар мен классиктер туса туғандай ел екеніне көзім жетіп оралдым!

Қонысбай айтатын «Айсаның әңгімелері» көп кешікпей менің репертуарыма көшті. Ал менің айтып жүрген әңгімелерім оның аузында тіпті түрленіп кететін. Ол «Бала махаббаты» атты алғашқы әнінің шығу тарихын айтып берген. Мен «Көздеріңе ғашықпын», «Жұлдыз жарығы» деген алғашқы кітаптарымның аттарын Қонысбаймен ақылдасып қойған едім. «Жедел жәрдем» деген өлеңімді Қонысбайдың ой салуымен жазған болатынмын.

Қонысбай студенттік жылдардағы көптеген өлеңімнің алғашқы оқырманы да, сыншысы да болды. «Хат» деген өлеңіме «Көздеріңе ғашықпын» деп, басқа өлеңімнің атын қойып, алғаш ән шығарған Қонысбай болатын. Ол әні Торғай, Көкшетау өңірінде белгілі әнші Ғазиза Жұмекенованың орындауында танымал болды. Соңыра бұл өлеңге дарынды ақын, әнші композитор Елена Әбдіхалықова қарындасым шығарған «Көздеріңе ғашықпын» деген әсем ән шартарапқа тарап кетті. Жалпы, осы өлеңге менің туған әпкем композитор Бағдат Есдәулетова да, белгілі композитор Оралхан Көшеров те ән шығарған.

Қонысбай болашақ жары Мүнира арумен кездескен соң ертерек үйленіп, пәтерге шығып кетті. Бір бөлмеде тұрған Нұртілеу де, Марат та, Тоқтар да біртіндеп үйленіп, шаңырақ көтеріп, жатақхананы тастап кетті...

Олардың орнын күзетіп, Төлеген ақын жазған «аңшының қосына тастап кеткен қарауылдай» жалғыз қалдым... Өмірде де солай болды... Бәрі кетіп қалды... Жаза алмай жүрген себебім содан болуы керек...

Атақты Ғафу ақынның:

«Торғайда бір ақын бар Қоныс деген,

Шеберден айналайын оны істеген!» деген егіз жолы қанатты сөзге айналғалы қашан?!

Қонысбай Әбіл! Алты Алаштың ардақты ақыны! Сөз сүлейі! Сайыпқыран сатирик! Қайталанбас қаламгер!

Ол айтыстың туын желбіретіп, «Торғайдың топжарғаны» атанды. Әсерлі әзілге бай әңгімелер жинақтарын қалдырды. Әдемі әндер тудырды. Әзіл-сықақтың көрігін қыздырып, ұлттың көңілін көтерді. Астананың ұлттық келбеті үшін қажымай күресіп, қазақ тілінің қайтпас қайраткеріне айналды.

...Ол Ұлттық Пантеонда, өзі ардақ тұтқан Әбіш ағасының, сыйласып өткен Фариза апасының қасында, басқа да тұлғалардың қатарында жатыр.

Бірақ туған Торғайы, киелі Қостанайында ескерткіші, көшесі, мектебі бар ма? Өзі өркендеуіне үлес қосып, ғұмырын берген Астанада ше?

«Қазақстанның Халық ақыны» атағын иеленген тарихтағы 5 тұлпардың бірі еді ғой!..

70 жасың құтты болсын, әйгілі «Әй-әй Ақын»!

Тасқын басылса, халқыңның қабағы ашылса – тойың да басталар!

Бәлкім, сенің мерейтойың халқыңның қабағын ашар?!

**Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,**
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**

Айгүл УАЙС



# «НҰРЛЫ ЖҮРЕК» ШУАҒЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы әртүрлі формадағы эпилепсия, хромосомалық аурулар, аутизм, олигофрения, сөйлеудің ауыр бұзылуларымен және психикалық бұзылыстармен үйлескен церебралды сал ауруы бар, психикалық дамуы тежелген балаларға стационарлық және жартылай стационарда арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған. Орталық 1981 жылы стационарлық және жартылай стационарлық 3 жастан 18 жасқа дейінгі «Ақыл-есі кем балаларға арналған балалар үйі» болып ашылған еді.

«Мекеме жұмысының басты мақсаты – баланың қоғамға бейімделуіне, әлеуметтенуіне, потенциалды дамуына қолайлы, жан-жақты жағдай жасау. Оңалту және дене бітімінің кемшілігін емдеу, қалпына келтіру, түзету арқылы ерекше балалар қоғамға белсене араласа алады. Ол үшін барынша мүмкіндік жасалған. Мұндағы сенсорлық бөлмелер, Монтессори бөлмелері, тігін, ағаш ұстасы, слесарлық шеберханалар, лекотека, СБО бөлмелері, компьютерлік сыныптар, ойын лабиринттер жиынтығы, ЛФК кабинеттері, физиотерапия мен галотерапия кабинеті (тұз шахтасы) қазіргі техникалық жабдықтармен жабдықталған. Мекеме аумағындағы заманауи ашық спорт алаңдары, вандалға қарсы ойын кешендері, футбол алаңы, баскетбол және волейбол алаңдары балалардың игілігінде» дейді «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Нұрбол Зұлқарнаев.

Үш корпустан тұратын орталықтың бірі елорданың Манас көшесі, 19 мекенжайында орналасқан. №1 ғимаратта тұрақты тұратын стационарлық бөлімнің тәрбиеленушілері орналасқан. Қазіргі уақытта онда 116 тәрбиеленуші бар. І.Жансүгіров, 12/5 мекенжайында орналасқан екі қабатты №2 ғимарат күндіз келіп-кететін 18 жасқа дейінгі балаларға арналып 2016 жылы ашылды. 2018 жылы жастар мен жасөспірімдерге арналған №3 ғимарат ашылды, мұнда кәсіпке дейінгі еңбекке дайындыққа баулиды. Мекеме тәрбиеленушілері жасына, жынысына және сырқат деңгейіне сәйкес топтарға бөлінген. Топтардың нормаға сәйкес жинақталуы мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес. Бұл мекемеде арнайы 8 әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Оның бірі – әлеуметтік-тұрмыстық қызмет. Тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына күнделікті бақылау жүргізіледі. Тамақтану сапасы бойынша анонимді сауалнама жүргізіледі, оның нәтижесі бойынша ескертулер мен ұсыныстар басшыға жеткізіледі. Қызмет алушыларға тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге күнделікті бақылау жүргізіледі, атап айтқанда, кірді ауыстыру, оның жиілігі, жуу, үтіктеу және т. б. Медициналық қызмет аясында мекемедегі балаларға жан-жақты көмек көрсетіледі. Емдеу, зертханадиагностика зерттеуі, сауықтыру және оңалту арқылы балалардың денсаулық жағдайын үнемі тексеріп, жылына екі рет кәсіби бақылаудан өткізеді. Медициналық қызметтен басқа, педагогикалық тұрғыдан көп жұмыс іске асады. Негізгі бағыты – балалардың бойындағы бастапқы және қайталама ауытқушылықты түзету, оңалтуға және әлеуметтік еңбекке бейімдеуге бағытталған емдеу-қалпына келтіру, түзету-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру. Мекемеде балалардың еңбек дағдысын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Тігін, ағаш шеберханаларында балалар қарапайым еңбек етіп, ұжымда жұмыс істеуге машықтанып, өз еңбегінің нәтижесін көруге үйренеді. Бұл балаларды еңбекке баулу қызметі бойынша жүзеге асады. Орталықта ай сайын мәдени-бұқаралық және анимациялық бағдарламалар бойынша іс-шаралар өтіп тұрады. Сонымен қатар көшпелі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Тәрбиеленушілер «Барыс» командасының хоккей ойындарына, сауда, ойын-сауық орталықтарына, мұражайларға, кинотеатрларға, боулинг орталығына, мұз сарайына және т. б. орындарға жиі барады. Әлеуметтік-экономикалық қызмет аясында мүгедек балаларға тиісті жеңілдік, жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдерді алуға мекеменің білікті экономистері жәрдемдеседі. Әлеуметтік-құқықтық қызмет негізінде 2024 жылғы жағдай бойынша стационарлық бөлімшеде 116 тәрбиеленуші бар, оның ішінде 58 тәрбиеленуші – ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар (ата-ана болу құқығынан айырылғандықтан), жетімдер, бас тартқандар (ата-анасын іздеу жүріп жатыр, Астана қаласының ІІД-не сұрау жіберілді). Мекеменің негізгі мақсаты – оларды отбасына қайтару арқылы стационарлық бөлімдегі балалардың санын азайту. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан тәрбиеленушілердің ата-анасын іздеу жүргізілуде.

Жетістіктер жайында айтатын болсақ, соңғы 10 жылда стационардағы балалар саны 160-тан 120-ға дейін азайды, бұл күндізгі келіп-кетіп жүрген балалардың санын 2006 жылы 25 баладан 2018 жылы 110 балаға дейін арттырды. 2016 жылы №2 ғимарат (18 жасқа дейінгі күндізгі бөлім), 2018 жылы №3 ғимарат ашылды (ұлдар мен жастарға арналған күндізгі бөлім). Нәтижесінде ата-аналардың науқас балалардан бас тартуы азайып, балалар отбасында қалды, ал ата-аналар жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Оқушылар қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларға белсенді қатысады. Ол – Special Olimpic, «Жұлдызай» және т. б. Соңғы 10 жылда Special Olimpic бағытында әртүрлі олимпиадалық спорт түрлерінен 115 алтын, 90 күміс және 95 қола медаль жеңіп алды.

Оңалтудың заманауи әдістері ең алдымен пациенттің жеке басына, жоғалған дағдыларды дамытуға бағытталған. Егер науқастың қабілетсіздігі оның сыртқы көмексіз жұмыс істеуіне мүмкіндік бермесе, онда оған мемлекет пен қоғам қамқорлық жасайды. Мұндай кешенді шаралар медициналық көмектің сапасын, әлеуметтік қызмет ету деңгейін арттыруға, өмір сүру сапасын жақсартып, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасының ауыртпалығын азайтуға сеп болады.





# БАСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК – АТА-АНАДА

Кез келген ата-ана баласының үлкен азамат болып өскенін қалайды. Адам болсын дейді. Ендеше «жақсы адам» деген не? Баланың жақсы адам болып өсуіне кім жауапты? Алдымен ата-анасы. Кәмелетке жеткенге дейін бала алдындағы жауапкершілікті ата-анасы алады. Мектеп мұғалімі, тәрбиеші, психологтардың қызметі өздерінің міндеті аясында ғана көрініс табады. Олар белгілі бір дәрежеде оқытып, шығармашылығын дамытып, бағдар беруге ғана құзыретті. Одан артығын мойнына ала алмайды.



Баланың ізгілік бастауын отбасынан іздеу керек. Отбасындағы белгілі бір тәрбиелік құндылықтар, өзіне және басқаларға деген қарым-қатынасы мен көзқарасы әрқашан отбасында қалыптасады. Бұл – заңдылық. Мүмкін басқа да жағдай болуы мүмкін, жетім болса, толық емес отбасы, тағы басқа жағдайларда мәселе басқа. Олардың қоғамға икемделуі қиындау келеді. Сонда да олардың жанында тілектес жанашыры, білікті тәрбиешілер болса, ондай баланың болашағы жарқын болмақ.

Ата-ана бірінші кезекте баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек. Оның қатарына ақпараттық қорғаныс та кіреді. Егер мұны елемей, бала тәрбиесіне немқұрайды қараса, «жемісі» де көп күттірмейді. Интернет, ұялы телефон ата-ананың баланы тәрбиелеу барысына қатыспауының басты себебіне айналып келеді. Қол телефонды тілі шықпаған сәбиге алданыш етіп қойғаннан бастап өздерін бала тәрбиесінен «азат» етеді. «Мінеки, телефон» деу арқылы өздерін жауапкершіліктен босатты. Осылайша бала тәрбиесіне қатысты бар жауапкершілікті әлеуметтік желіге жүктей салды. Содан кейін «балам мені неге тыңдамайды?» деп таңғалады. Оның бір көрінісі транссексуалды, трансгендерлікке қатысты жасөспірімдердің сұрақтары пайда болып, қолжетімді ақпаратқа қарай икемделе бастағанда білінеді. Електе екшелмеген, сүзгіден өтпеген ақпараттың соңы – осы. Ата-аналар адамның жыныстық жаратылысына қатысты сұрақтарды елемеуге тырысады не болмаса «ұят болады» деп айтады. Бұл, әдетте, баланың қызығушылығын одан әрі оятып, сұрақтың жауабын өзі іздей бастайды. Бұл ретте балаға шын жаны ашыған адам сұрақ қаншалықты ыңғайсыз болса да ұғынықты етіп, мәнін түсіндіргені жақсы. Егер жас күнінен баланың сеніміне кіріп, дұрыс қарым-қатынас орната алса, бала психологиясындағы ауытқушылықты түзетіп, дер кезінде ықпал ете алады. Көбіне «бізді солай тәрбиелеген», «керек кезінде өзі біліп алады» деген пікірдің салдарынан бұл кейінге қалып, бала ақпаратты басқа жерден алуға мәжбүр болады. Жаманы сол, бала санасына сыймайтын ақпарат оның тағдырында да жағымсыз ізін қалдырады.

Отбасылар әртүрлі болады. Кейде ата-анасының дәулеті баланың тәрбиелі, саналы өсуінің кепілі деп айтуға болмайды. Бала ештеңеден кемдік көрмей, жоқшылықты сезбей, қалағанын тауып, сұрағанын беріп, бетінен қақпағанның өзінде бала ата-анасының осал жерін тез түсінеді. Өзіне деген бар ықылас сатылып алынатынын, оның астарында «тек бізден аулақ бол» дегендей жағдайдың жатқанын ұғынып, жүрегіне жақын алады.

Ендігі бір отбасылардың тұрмысы нашар, күнде ұрыс-керіс, ішімдік ішу қалыпты жағдайға айналғанынан, толық емес отбасылардан шыққан балалардың болашағын болжап білуге болады. Мұны көріп өскен бала ұрлыққа жақын, төбелеске, бұра тартуға бейім болып келеді. Олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі ауыр келеді. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу дегеніміз – бұл тұлғаның әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуі, үйлесім табуы. Сол қауымның өмір сүру нормаларын, құндылықтарын бойына сіңіруі, дәстүрлерін қабылдауы, ұстануы. Бала өзі дүниеге келген ортаны қабылдап, сол қоғамның қалыптасқан тәртібі мен ережелерін қабылдауы керек.

Алкоголизация, баланың қараусыз қалуы, өз бетімен жүруі қисық жолға бастайды. Біз оқиға орын алып, жағдай ушыққанда кірісken жағдайда бірден ахуалды түзей алмаймыз. Мәселе мынада: ата-ана өзгеруге пейілді ме? Баланың әрекеті отбасында қалыптасып қалған мәселенің симптомын ғана көрсетеді. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Ата-анасы баланы бізге жіберіп «мынаны емдеп, түзеп беріңдер» дегеннен ештеңе өзгермейді. Бұл жағдайда баланың өскен ортасы да өзгеруі тиіс. Оның тәрбиесіне жауапкершілік болмаса, баланың болашағы күмәнді, шығар биігі пәс келеді.

**Константин ПОПАНДОПУЛО,**
**«Право» қоғамдық қорының психолог-маманы**

## ДҮЙСЕНБІ
## 27 МАМЫР

### QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Мұра». Деректі фильм.
6:30 «Тіршілік»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:10 «Сұңқар». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Сұңқар». Телехикая (жалғасы)
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «Сұңқар». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:45 «Ашық алаң».
1:35 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:10 «Тіршілік»

05:00 «ПЫЛАЮЩЕЕ МОРЕ»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
10:25 «ТАЙНАЯ ЖИЗНЬ НАСЕКОМЫХ»
11:40 МУЛЬТСЕРИАЛ. «МОНСИКИ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН 2»
14:00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАСҚЫН»
16:00 «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА»
18:00 НОВОСТИ
18:25 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:25 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАҒДЫРҒА СЕН 2»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «ТАСҚЫН»
22:30 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ХАБАРLIKE»
23:30 «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА»

### ASTANA TV

06.20 «Ене» үнді телехикаясы
07.15 «Маша и медведь» Мультсериал
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.10 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
11.30 «Кеш келген махаббат»
13.00 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
13.50 «Жұлдызбысың?»
15.00 «Склифосовский 6» телесериал
17.10 «С меня хватит» телесериал
18.10 «Искушение» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым»
23.20 «Шанъян ханшайым» телехикаясы
00.10 «Склифосовский 7» телесериал

6:00 «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА».
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 Фильм «РОКОВОЕ СМС»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ 3»
0:20 «ИЩЕЙКА». Новые серии
1:15 «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ».
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «П@УТINA» бағдарламасы

### КТК

7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
7:55 «ЖАТ ТУЫСТАР», телехикая.
10:50 «ПАРАД ЮМОРА»
12:40 «ПОСТОРОННЯЯ», мелодрама
15:00 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ»
17:25 «ЗӘКИРА».
18:40 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ».
19:30 КЕШКІЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:40 «ОТСТАВНИК»
2:00 «ПОСТОРОННЯЯ», мелодрама
3:30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
4:50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
5:15 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ» (қайталау)

### 31

06:00 Әзіл студио
07:00 Күлiп ALL
08:00 TikTok show
08:30 Time Vine
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»
09:10 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
12:20 «Tomb Raider: Лара Крофт»
15:00 «Крид: Наследие Рокки» (қайталау)
18:00 «Ордер на смерть»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Мэгги Кью в фантастическом триллере «Остров фантазий»
23:20 «Ханзада Жумонг» телехикаясы (қайталау)
02:00 «31 әзіл»
02:30 Time Vine
02:50 TikTok show
03:20 What's up?
03:50 1001 Әзіл
04:00 «Қырсық ханзада» телехикаясы

### 7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:30 «АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ» Телехикая. 29-30 бөлімі (Қытай, 2023 ж.)
8:30 «СИНИЙ ТРАКТОР» Мультсериал
10:00 «Зулейха открывает глаза»
12:10 «Нити судьбы» Телесериал. 19-20 бөлім 2016, Украина
14:00 «ПОД ОДНОЙ КРЫШЕЙ» Телесериал. 1-2 бөлім (2022, Ресей)
16:00 «Әке мен әке» Телехикая 5-6 бөлімі
18:00 Әзіл-сықақ кеші
20:00 «ГЮЛЬЧАТАЙ» Телесериал 1-2 бөлім
22:00 «НИТИ СУДЬБЫ» Телесериал. 21-22 бөлім (2016, Украина)
0:00 «АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ» Телехикая.
1:50 «Зың-зың Күлпәш». Телехикая
3:10 «Тойlike»

### НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ» (каз. Туркия)
09.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА: УДИВИТЕЛЬНЫЕ ЛЕГЕНДЫ» (мультсериал)
10.00 «МИР НАИЗНАНКУ 6» (трэвел-шоу)
